



Құрметті студент!

2017 жылы «Құқық - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B030200	«Халықаралық құқық»	1. Мемлекет және құқық теориясы 2. Халықаралық жария құқығы 3. Халықаралық жеке құқық 4. Қазақстан Республикасы азаматтық іс жүргізу құқығы

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 - Мемлекет және құқық теориясы
 - Халықаралық жария құқығы
 - Халықаралық жеке құқық
 - Қазақстан Республикасы азаматтық іс жүргізу құқығы
- Тестілеу уақыты - 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
- Тест сынағы аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Мемлекет және құқық теориясы

1. Жалпы теориялық және жалпы тарихи заң ғылымдары:

- A) саяси-құқықтық ілімдер тарихы
- B) еңбек құқығы
- C) қылмыстық іс жүргізу
- D) шет елдердің мемлекет және құқық тарихы
- E) криминалистика

2. Мемлекеттің алғашқы қауымдық құрамының биліктен айырмашылығы:

- A) халықты әлеуметтік деңгейі бойынша біріктіру
- B) салалық жүйесінің болуы
- C) тарихи әділеттілікті жүзеге асыруы
- D) білім жүйесінің болуы
- E) қоғамның руға сәйкес бөлінуі
- F) мемлекеттің әнұранының болуы

3. Социалистік мемлекеттер:

- A) Швабия
- B) Солтүстік Корея
- C) Малайзия
- D) Оман
- E) Куба
- F) Византия
- G) Вьетнам
- H) Иордания

4. Саяси режиміне байланысты мемлекеттер бөлінеді:

- A) Африкалық
- B) Либералды
- C) Федеративтік
- D) Республикалық
- E) Тоталитарлы
- F) Дамыған
- G) Демократиялы
- H) Біртұтас

5. Мемлекет түрлерінің барлығына ортақ функциялар:

- A) қанаушылық
- B) ішкі
- C) ирригациялық
- D) мәдени-тәрбие
- E) биліктен құлатылған таптарды жаныштау
- F) сыртқы
- G) формалды

6. Атқарушы билікті жүзеге асыратын органдар:

- A) Қоғамдық ұйымдар
- B) Мәжіліс
- C) Конституциялық Кеңес
- D) Парламент
- E) Жергілікті әкімдік
- F) Соттар

7. Республика Конституциясының 1 бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін жариялаған:

- A) Дамыған
- B) Авторитарлы
- C) Дамушы
- D) Демократиялық
- E) Парламенттік
- F) Құқықтық

8. Құқық:

- A) Қоғам мүшелері басшылыққа алуы тиіс өнегелік және ізгілік қағидалары
- B) Қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған нормалар жүйесі
- C) Жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелері
- D) Негізгі бастамалар, ережелер, идеялар
- E) Әлеуметтік нормалар жиынтығы

9. Саяси жүйелердің негізгі функциялары:

- A) саяси мәдениет
- B) қоғамды саяси интеграциялау
- C) саяси құрылым
- D) саяси процестерді реттеу
- E) саяси қызмет
- F) саяси идеология

10. Құқықтың буржуазиялық типі:

- A) Заңдарда табиғи құқық басымдылығы жарияланады
- B) Құқықтық қайнар көздері болып халықаралық актілер табылады
- C) Құқық дінмен тығыз байланысты, канондық құқық бар
- D) Заң құқықтық теңсіздікті бекітеді және қоғамның бір бөлігі - құлдарды қандай-да құқықтардан айырады
- E) Заңдарда үстем таптың құқықтық идеологиясы бекітілген
- F) Құқық құлиеленушілер табының еркін айқын түрде білдіреді

11. Әлеуметтік нормалардың түрлері:

- A) Әдет-ғұрып
- B) Жарлықтар
- C) Субъективтік нормалар
- D) Корпоративті нормалар
- E) Құқық
- F) Ізгілік
- G) Ережелер

12. Заң:

- A) Парламентте қабылданатын, елдің түрлі салаларын реттейтін нормативтік құқықтық акт
- B) Тараптардың өзара келісімімен қамтамасыз ететін шарт
- C) Жоғарғы заңды күші бар нормативтік акт
- D) Мемлекеттік органдармен ресми түрде қабылданатын кез-келген құжат
- E) Қоғамдағы бірнеше қайталанатын тәртіп

13. Құқық нормасының белгілері:

- A) Корпоративтік сипатқа ие
- B) Қоғамның ықпалымен қамтамасыз етіледі
- C) Қоғамдық қатнастарды реттеуге бағытталған
- D) Мемлекеттік мәжбүрлеумен қамтамасыз етілмейді
- E) Қоғамдық қатынасқа қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді
- F) Жалпыға міндетті болмайды
- G) Мемлекетпен танылған, жалпыға міндетті, формальды анықталған жүріс-тұрыс ережесі

14. Заңдылық құқық шығармашылық қағидаларының бірі ретінде:
- A) Құқық нормаларының қабылдануының әлеуметтік мәліметтерін, салдарын болжау
 - B) Нормативтік құқықтық актілердің қабылдануының құзыреттілігі
 - C) Құқықтық нормаларында халықтың еркінің көрініс табуының міндеттілігі
 - D) Қабылданған заңдардың конституцияға сәйкестігі
 - E) Актілердің қабылдануының құзыреттілігі мен тәртібінің сақталуы

15. Материалдық құқық салалары:

- A) отбасы құқығы
- B) салааралық
- C) жеке құқық
- D) кешенді құқық
- E) қылмыстық іс жүргізу

16. Құқықтық сананың деформациялануы:

- A) құқықтық инфантилизм
- B) құқықтық идеология
- C) құқықтық мәдениет
- D) доктриналды құқықтық сана
- E) құқықтық идеология

17. Қоғамның құқықтық мәдениетінің құрылымының элементтері:

- A) қоғамдық құқықтық санасының деңгейі
- B) қоғамда заңдардың жүзеге асуы
- C) қоғамда заң қызметінің даму дәрежесі
- D) қоғамда салт- дәстүрдің даму дәрежесі
- E) құқықтық жекеленген шешімдердің орындалуы
- F) нормативтік актілердің сандық дәрежесі
- G) заң нормаларының даму дәрежесі

18. Құқықтық қатынастың объектісі:

- A) жеке тұлға
- B) бағалы қағаздар
- C) адам әрекеті
- D) ұжым
- E) ұлт
- F) заңды тұлға
- G) заттар

19. Құқық қолдану:

- A) Қоғамдық ұйымдардың, саяси партиялардың қызметі
- B) Құқық субъектілерінің құқық нормаларын өмірде іске асыру бойынша қызметі
- C) Қоғамдық қызмет түрі
- D) Мемлекеттік қызметтің түрі, мемлекеттік-биліктік сипатқа ие, жекелеген істерді шешуде қажетті
- E) Мемлекеттік органдардың қызметі нәтижесінде жеке құқық қолдану шешім шығарылған нақты іс бойынша қызметі
- F) Субъектілері сот және атқарушы билік органдары болып табылатын құқық нормаларын жүзеге асырудың күрделі нысаны

20. Құқық нормаларын ресми талқылау:

- A) нормативтік
- B) логикалық
- C) шектелген
- D) кеңейтілген
- E) казуалдық
- F) легалдық

21. Құқықтық ынталандыру құқықтық норманың құрылымы бойынша көрініс табады:

- A) жиі
- B) тұрақты
- C) мадақтау
- D) жеңілдіктер
- E) ынталандыру-юримдикалық фактісі
- F) негізгі

22. Құқықтық мінез-құлықтың сипаттық белгілері:

- A) саналы сипатқа ие болуы
- B) заңмен орнықтырылған шекте болуы
- C) заңмен бекітілген шектен тыс болуы
- D) пайдалы қоғамдық мақсаттар мен мүдделерге қайшы келмеуі
- E) құқықтық мәжбүрлеу шараларынан

23. Құқықбұзушылықтың объективтік жағының факультативтік белгілері мен шарттары:

- A) жауаптылығы
- B) әрекет жасау тәсілі
- C) қасақаналығы
- D) орны
- E) уақыты

24. Заңды кепілденуінің түрлері:

- A) идеологиялық
- B) позитивтік
- C) қоғамдық
- D) арнайы-дербес
- E) шектеушілік
- F) психологиялық
- G) мәжбүрлеушілік

25. Жүйелік мәртебелер:

- A) тұлғалар
- B) азаматтық
- C) ұйымдар
- D) қажылық
- E) әскерилер
- F) кәсіпкерлер
- G) ақсақалдар

**Мемлекет және құқық теориясы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Халықаралық жария құқығы

1. Халықаралық жария құқықтың институттары:

- A) Дипломатиялық құқық
- B) Халықаралық экстрадициялау
- C) Құқықмирасқорлық
- D) Халықаралық шарттар құқығы
- E) Халықаралық туризмдік қатынастар
- F) Халықаралық экономикалық қатынастар

2. Халықаралық құқық реттейді:

- A) заңды тұлғалар мен мемлекеттер арасындағы мүліктік емес қатынастарды
- B) құқық субъектілері арасындағы қатынастарды
- C) жеке тұлғалардың арасындағы мүліктік қатынастарды
- D) жеке және заңды тұлғалардың арасындағы мүліктік қатынастарды
- E) халықаралық құқық субъектілерінің арасындағы қатынастарды
- F) мемлекеттердің арасындағы халықаралық қатынастарды
- G) халықаралық жеке құқық субъектілерінің арасындағы қатынастарды
- H) мемлекеттер мен халықаралық үкіметаралық ұйымдар арасындағы қатынастарды

3. Халықаралық шарттар құқығының негізгі қайнар көздері:

- A) 1945 ж. БҰҰ Жарғысы
- B) 1969 ж. Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясы
- C) 1986 ж. Мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар арасындағы және халықаралық ұйымдар арасындағы шарттар құқығы туралы Вена конвенциясы
- D) 1969 ж. Арнайы миссиялар туралы Вена конвенциясы
- E) 1961 ж. Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы

4. Жасаушы органдарға байланысты халықаралық шарттардың түрлері:

- A) Ведомствоаралық
- B) Саяси
- C) Мемлекетаралық
- D) Көп тарапты
- E) Әмбебап
- F) Мерзімді
- G) Өзі орындалатын
- H) Үкіметаралық

5. 1969 ж. Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясына сай Халықаралық шарттарды бекітуге тікелей өкілеттілік етушілер:

- A) Конституциялық кеңес
- B) Әділет министрлігі
- C) Білім және ғылым министрлігі
- D) Бас прокуратура
- E) Мемлекет басшысы
- F) Аумақтық және жергілікті басқармалар
- G) Үкімет басшысы
- H) Сыртқы істер министрлігі

6. Халықаралық құқық пен ұлттық құқықтың арақатынасына байланысты теориялар:

- A) Екі жүйе қатарлас жүреді және бірімен-бірі еш қиыспайды
- B) Халықаралық құқықтың жеке және жария болып бөліну тәртібі
- C) Ұлттық құқық негізінде халықаралық құқық нормалары қалыптасады
- D) Халықаралық құқық ұлттық құқықтан басым болады
- E) Ұлттық құқық халықаралық құқықтан басым болады
- F) Халықаралық құқық негізінде ұлттық құқық нормалары қалыптасады
- G) Ұлттық құқықтың халықаралық құқыққа тәуелді болу теориясы

7. Халықаралық құқықтағы құқықмирасқорлықты туындататын себеп-салдар:

- A) Әлеуметтік революциялар
- B) Мемлекеттердің халықаралық ұйымдарды құруы
- C) Мемлекеттің халықаралық ұйымға кіруі
- D) Бір мемлекеттің екіге бөлінуі немесе бір территориясының екінші мемлекетке өтуі
- E) Қарулы қақтығыстар
- F) Халықаралық қақтығыстар

8. Халықаралық құқықтағы субъектілерді танудың түрлері:

- A) Қарсыласу органдарын тану
- B) Бір жақты декларация негізінде
- C) Мемлекетті тану
- D) De-jure
- E) Жаңа үкіметті тану
- F) Ұжымдық тану
- G) Ad hoc

9. Халықаралық құқықтың ұлттық құқықтан басты ерекшеліктері:

- A) халықаралық құқықтық нормаларды халықаралық құқық субъектілері өзара келісім арқылы жасайды
- B) ерекше мәжбүрлеу аппаратының болуы
- C) халықаралық құқықтың ұлттық құқықтан ерекшелігі жоқ
- D) халықаралық құқық пен ұлттық құқықтың өзара әсер етуі
- E) халықаралық құқық субъектілерінің әрдайым өзара теңдігі
- F) ұлттық құқықтағыдай мәжбүрлеу аппаратының болмауы
- G) халықаралық құқық субъектілерінің теңсіздігі
- H) халықаралық құқық нормалары әрдайым ұлттық құқық нормаларынан басым болады

10. Қазіргі халықаралық құқық ғылымында халықаралық жария құқық пен халықаралық жеке құқықтың арақатынасына қатысты қалыптасқан көзқарастар:

- A) халықаралық жеке құқық пен халықаралық жария құқықтың өзара еш байланысы жоқ
- B) халықаралық жеке құқық халықаралық қатынастардың бір саласы ғана
- C) халықаралық жеке құқық азаматтық құқықтың арнайы салаларының біреуін құрайды және халықаралық жария құқықпен байланысты
- D) интернационалдық ұстаным, халықаралық жеке құқық - халықаралық құқықтың бір бөлімі
- E) халықаралық жеке құқықтың ұлттық құқықпен еш байланысы жоқ
- F) халықаралық жеке және жария құқық деп бөлуге болмайды
- G) халықаралық жеке құқық ұлттық құқықтың бір бөлімі және құқық ретінде өз алдына өмір сүре алмайды
- H) халықаралық жария құқық халықаралық жеке құқықтың бір бөлігі

11. Халықаралық ұйымдардың халықаралық құқықтың басқа субъектілерінен басты ерекшеліктерін айқындайтын субъектілік белгілері:

- A) Басқару билігі немесе үкіметі
- B) Құрылтай шартының болуы
- C) Әкімшілік құрылымы мен органдарының болуы
- D) Тұрақты халқы
- E) Екіден көп мүшесінің болуы

12. Халықаралық теңіз құқының негізгі қағидалары:

- A) адамзаттың ортақ мұралары
- B) балық аулау қызметіндегі нормаларды жетілдіру
- C) әлемдік мұхитты бейбіт мақсатта пайдалану
- D) теңіз кемесіндегі почта тізімі
- E) теңіз кемесіндегі жолаушылардың тізімі
- F) ашық теңіз кеңістігін жекешелендіру

13. Территориялық қатынастар құқығына сай цессия ұғымы:

- A) Тартып алу
- B) Айырбастау
- C) Өзара келісім негізінде толықтай берілуі
- D) Сыйлау
- E) Сатып алу
- F) Білгілі бір мерзім аралығында пайдалануға беру

14. Халықаралық ғарыш құқығы саласындағы ғарыштық сақтандырудың түрлері:

- A) новигациялық сақтандыру
- B) ғарыш саласындағы ғылыми зерттеулердің зиянсыздығын сақтандыру
- C) ғарыш айлағын еркін пайдалануды кепілдендіру
- D) ғарыш саласындағы екі жақты шарттық сақтандыру
- E) ғарыш техникасын ұшыру алдындағы кезеңде сақтандыру
- F) метерологиялық сақтандыру
- G) ұшыруды сақтандыру

15. Қарулы қақтығыс құқығы бойынша нейтралитет мемлекеттер:

- A) Армения
- B) Швейцария
- C) Нидерланды
- D) Германия
- E) Түркменстан
- F) Швеция
- G) Қырғызстан

16. БҰҰ-ның адам құқықтарын қорғау жүйесіне сай келесі топтарға бөлінеді:

- A) Ұрпақаралық
- B) Қылмыстық
- C) Айрықша
- D) Экономикалық
- E) Халықаралық
- F) Азаматтық
- G) Саяси
- H) Шенгендік

17. Халықаралық экономикалық құқықтың салалары:

- A) Халықаралық көлік және тасымалдау құқығы
- B) Халықаралық миграциялық құқық
- C) Халықаралық авторлық құқық
- D) Халықаралық қаржы құқығы
- E) Халықаралық жеке құқық

18. Халықаралық экономикалық құқықтағы құқықтық режимдер:

- A) Преференциалдық
- B) Саяси
- C) Ұлттық
- D) Бастапқы
- E) Позитивті
- F) Аса қолайлы жағдай
- G) Табиғи
- H) Ауыртпалық

19. БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелері:

- A) Білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша Біріккен ұлттар ұйымы
- B) Бүкіләлемдік халықтар достастығы
- C) Экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтар жөніндегі комитет
- D) Халықаралық сауда палатасы
- E) Халықаралық құқық комиссиясы
- F) Сауда және даму бойынша конференция

20. Халықаралық ұйымдардың негізгі қызметтері:

- A) Мақсатына сай әрекет ету
- B) Өз қызметін еркін атқару
- C) Бақылау шараларын ұйымдастыру және жүргізу
- D) Нормашығарушылықты жүзеге асыру
- E) Халықаралық құқық нормаларын жүйелеу

21. Халықаралық дауларды шешу құралы ретінде қолданылатын келіссөздердің сатылары:

- A) Келісімдік тәртіпке жүгіну
- B) Келіссөз жүргізу тәртібін бекіту
- C) Капитулицияны назарға алу
- D) Жеке мүдделеріне қол жеткізу және орындату
- E) Келіссөздер жүргізуге ынта білдіру немесе барынша көңіл бөлу
- F) Бейтараптылық пен бірбеткейлік таныту

22. БҰҰ-ның жарғысына сай мемлекеттердің халықаралық дауларды шешудегі міндеттері:

- A) Жеке мүдделеріне қол жеткізу және орындату
- B) Келіссөздер жүргізуге ынта білдіру немесе барынша көңіл бөлу
- C) Держава мемлекеттердің араласуын өтіну
- D) Арандатушылық қызметті ұсынған мемлекеттердің көмегіне жүгіну
- E) Бейтараптылық пен бірбеткейлік таныту
- F) Капитулицияны назарға алу

23. Дауласушы тараптардан тыс үшінші тарапты жауапкершіліктен босатпайтын жағдайлар:

- A) Татуластыру
- B) Сатып алу
- C) Бітістіру
- D) Көмектесу
- E) Араңдату
- F) Басқару/басшылық ету

24. Мемлекеттерге қатысты материалдық жауапкершіліктің нысандары:

- A) субституция
- B) репарация
- C) репрессалии
- D) ұжымдық санкция
- E) кешірім сұрау
- F) ресторации
- G) сатисфакция
- H) реституция

25. 1945 жылдың 8 тамызында Халықаралық Әскери трибунал құрған мемлекеттер:

- A) ҚХР
- B) Сауд Арабиясы
- C) Ұлыбритания
- D) Армения
- E) Люксембург
- F) Франция
- G) КСРО, АҚШ
- H) Германия

**Халықаралық жария құқығы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Халықаралық жеке құқық

1. Халықаралық жеке құқық қатынастарын реттеудің жалпы әдістері:
 - A) Тараптар еріктерінің теңдігі және автономиясы
 - B) Материалдық-құқықтық
 - C) Ішкі құқықтық
 - D) Децентрализациялау
 - E) Унификациялау
 - F) Жүйелік
 - G) Шарттық қатынастар еркіндігі

2. Халықаралық жеке құқықтың халықаралық жария құқықтан айырмашылығы:
 - A) Конвенцияларында
 - B) Халықаралық жеке құқықтан халықаралық жария құқық туындайды
 - C) Субъектілерінде
 - D) Реттеу әдістерінде
 - E) Халықаралық жеке құқық ұлттық заңнамалардың бөлек бір саласы
 - F) Реттеу қатынастарында

3. Халықаралық жеке құқықтағы әдет-ғұрып:
 - A) Халықаралық құқықтық коллизияларды реттеуші мемлекеттер арасындағы келісімдер
 - B) Тәжірибеде қалыптасқан тұрақты ережелер
 - C) Мемлекеттік немесе халықаралық деңгейде танылған ғалымдардың түсіндірмелері
 - D) Тәжірибеде қалыптасқан, бірақ заңи күші жоқ қалыптасқан тәртіптер
 - E) Оған қатысты тараптар келісім беру негізінде заңдық күшін мойындайды
 - F) Шетелдік элементпен күрделендірілген азаматтық-құқықтық қатынастарды реттейтін мемлекеттің нормативтік құқықтық актілері
 - G) Тараптарға заңи міндеттеме жүктейтін ережелер

4. «Халықаралық жеке құқық» туралы жеке заң қабылдаған мемлекеттер:
 - A) Германия
 - B) Египет
 - C) Ресей Федерациясы
 - D) АҚШ
 - E) Қазақстан Республикасы

5. Босқындардың мәртебесінің белгісін анықтау:
- A) Дінге сену белгісі бойынша қудалау
 - B) Несиелік қарыздары үшін қудалау
 - C) Қаржы қарыздары үшін қудалау
 - D) Нәсілдік белгісі бойынша қудалау
 - E) Алименттік міндеттемерлері үшін қудалау
6. Қазақстандық заңнамаға сәйкес босқындардың құқықтары бар:
- A) Еңбек бостандығына
 - B) Жер телімін иемденуге
 - C) Тегін жеке автокөлігіне
 - D) Тұрақты тегін тұрғын үйге
 - E) Тегін өмірін сақтауға
 - F) Медициналық қызмет етуге
7. ҚР – ның басқа мемлекеттермен орнатқан визасыз режим:
- A) Қытай
 - B) Германия
 - C) Түркия
 - D) АҚШ
 - E) Канада
8. Заңды тұлғаның жеке заңы анықталады:
- A) мүліктік құқықтың пайда болу орнымен
 - B) басты ұйымның орнымен
 - C) әр жағдайда жекеше
 - D) соттың шешімінің орындалу орнымен
 - E) тіркелу орнымен
 - F) негізгі қызметтің жүзеге асу орнымен
 - G) әр жақтың қалауымен
9. Халықаралық жеке құқықтағы материалдық нормаларды қолдану:
- A) Транслитерация
 - B) Реторсия
 - C) Материалдық нормаларды қолдану
 - D) Жариялық тәртіп туралы ескертпе
 - E) Өзаралық

10. Халықаралық заңды тұлғаға жатады:

- A) Шет елдік капиталы бар
- B) Субрегиондық аумақта әрекет ете алады
- C) Тек бір мемлекетте әрекет ете алады
- D) Біріккен өнеркәсіптен үлесі бар
- E) Халықаралық келісімдерге сәйкес құрылған
- F) Олардың құқықтық мәртебесі ішкі заңдармен реттелмейді
- G) Басқа мемлекеттерде әрекет ете алатын

11. Шетел элементімен күрделендірілген жеке құқықтық реттеу тәсілдерімен байланысты унификацияның түрлері:

- A) Аймақтық унификациясы
- B) Біржақты
- C) Қылмыстық құқық нормаларының унификациясы
- D) Әмбебап унификациясы
- E) Көпжақты
- F) Коллизиялық құқық унификациясы
- G) Аралас унификация

12. Заңды тұлғаның жеке заңын анықтайды:

- A) Бақылау теориясы
- B) Әкімшілік заңы
- C) Ұйым мәртебесі
- D) Отырықшылық теориясы
- E) Инкорпорация теориясы

13. Халықаралық жеке құқықта жеке тұлғаның жеке заңын анықтауға қатысты қағидалар:

- A) *lex nationalis*
- B) *lex domicilii*
- C) *passive capacity*
- D) *active capacity*
- E) *lex personalis*

14. Заң ғылымында рим тарихынан бері келе жатқан мемлекет иммунитетіне қатысты түсініктемелер:

- A) *par in parem non habet potestas*
- B) *pacta sunt servanda*
- C) *true international public policy*
- D) *par in parem non habet imperium*
- E) *ordre public interne*

15. Меншік құқығы дегеніміз:

- A) Халықаралық жеке құқық саласы
- B) Халықаралық жария құқық саласы
- C) Халықаралық жеке құқық нормалары реттейтін сатып алу –сату шарттарының объектісі
- D) Азаматтық айналымдағы заңды және жеке тұлғалардың мүліктік қатынастарын реттейтін құқықтық нормалар жүйесі
- E) Заңнамамен бекітілген шектерде және өз білгенінше иелігіндегі меншікке билік ету, қолдану, иелену үшін заңи мүмкіндік
- F) Азаматтық айналымдағы заттарға билік ету, қолдану, иемдену, меншіктеу бойынша тұлғалардың әрекеттерінің шегін анықтайтын құқықтық нормалар жүйесі

16. Халықаралық шартты міндеттемелерді реттейтін ТМД аясындағы халықаралық шарттар:

- A) 1996 жылғы зиянды қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды мемлекеттік реттеу туралы Ресей Федерациясы Үкіметінің Қаулысы
- B) 2011 жылғы теңізді мұнаймен ластауға қатысты азаматтық жауапкершілік туралы Брюссель конвенциясы
- C) 2003 жылғы азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынас және құқықтық көмек туралы Кишинев конвенциясы
- D) 1993 жылғы азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынас және құқықтық көмек туралы Минск конвенциясы
- E) 1998 жылғы шетелдік әуе кемелерінің үшінші тұлғаларға келтірілген зияны туралы Рим конвенциясы
- F) 2002 жылғы аумақтық теңіз туралы Мәскеу конвенциясы
- G) 1992 жылғы Дауларды шешудің реті туралы Киев келісімі

17. Транспорт түріне байланысты халықаралық тасымалдың түрлері:

- A) Халықаралық көл арқылы тасымалдау
- B) Халықаралық теңізбен тасымалдау
- C) Халықаралық өзен арқылы тасымалдау
- D) Халықаралық теміржолмен тасымалдау
- E) Халықаралық ғаламтор арқылы тасымалдау
- F) Халықаралық көлікпен тасымалдау
- G) Халықаралық жол арқылы тасымалдау

18. ИНКОТЕРМС бойынша «С»-тобындағы шарт талаптарының типтері:

- A) Өткізу бағасы және сақтандыру
- B) Баждарды төлеп жеткізу
- C) Баждарды төлеусіз жеткізу
- D) Тасымалдаушы еркіндігі
- E) Баға, сақтандыру және фрахт
- F) Баға және фрахт

19. Халықаралық тәжірибедегі банк кепілдіктерінің типтері:

- A) Аванстық
- B) Қызметтік
- C) Аудармалы
- D) Қолма-қол
- E) Несиелік
- F) Вексельдік

20. ҚР АК бойынша негізсіз баюға жауапкершілік:

- A) Егер негізсіз баю мүлік алынған немесе жинақталған негіз жоғалу салдарынан пайда болса, осы негіз бағындырылған елдің құқығымен анықталады
- B) Негіз бағындырылған елдің құқығымен анықталады
- C) Негізсіз баю ұғымы кредитор елінің құқығы бойынша анықталады
- D) Тұтынушы тауарды сатып алған немесе қызмет атқарылған елдің құқығы
- E) Өндірушінің немесе қызметті атқарған тұлғаның орналасқан жері
- F) Тұтынушының тұрғылықты жері орналасқан елдің құқығы

21. Жосықсыз бәсеке ұғымына кіреді:

- A) Бәсекелестікте тиімді орын алу мақсатындағы күрес
- B) Бәсекелестік шаруашылық жүргізуші субъектілері өзіндік әрекеттерімен ерекшеленеді немесе бір жақты тәртіпте олардың әрқайсыларының мүмкіндігі нарықта тауарлар айналымына байланысты жалпы шарттарға әсер етумен шектеледі
- C) Кәсіпкерлік қызметте мүлікті иемденуге қатысты кез келген әрекеттер
- D) Бір немесе әртүрлі типтегі организмдердің тіршілік ету және көбею жолындағы бәсекелестік қарым қатынастары
- E) Бұл зиян келтіруі мүмкін немесе шаруашылық қызметтегі өзге бәсекелес субъектілерге зиян келтірген немесе олардың іскерлік беделіне зиян келтіретін әрекеттер

22. Қабылдаушы мемлекеттің аумағына іссапарға жіберілген жұмыскерде сақтауы тиіс:

- A) Жұмыс орны
- B) Жеке өміріне құқығы
- C) Асхананың толондары
- D) Ереуілге шығу құқығы
- E) Тұрғын үйі
- F) Өз тілін қолдану құқығы

23. Асырап алуға жататын балалар:

- A) Ата-анасының екеуінің біреуі қайтыс болса немесе бас тартса
- B) Ата-анасының екеуінің біреуі ғарышкер болса
- C) Ата-аналық құқықтан босатылып қайта алмаған, бірақ келісімін берген болса
- D) Ата-анасының екеуінің біреуі, ата-аналық құқықтан айырылған немесе басқа мемлекетке кетіп қалған болса
- E) Ата-анасының екеуінің біреуі консул болса
- F) Ата-аналары азаматтық құқық бұзушылық жасаған болса
- G) Ата-анасының екеуінің біреуі басқа мемлекеттің қол астында болса

24. Өсиеттің күшін жоюы және өзгертілуі мүмкін:

- A) Өсиеттің тоқтатылуы, өсиетте мұра қалдырушының қай мемлекеттің азаматы екені жазылмаса, онда мұра қалдырушының өсиетті қалдырған кезде тұрған мемлекеттің заңымен анықталса
- B) Өсиеттің тоқтатылуы мұрагер тіркелген мемлекеттің заңымен анықталады
- C) Өсиет күшінің жойылуы мұра қалдырушының қай елдің азаматы екенін көрсетпеген жағдайда тұрақты тұрған мемлекетінің заңнамасымен реттелсе
- D) Өсиеттің жазылуы, тоқтатылуы мұра қалдырушының қай мемлекеттің сотына жүгінсе, сол мемлекеттің құқықтарына сәйкес келсе
- E) Мүліктің табылған жері мұраны қалдырушының соңғы тұрған жері егер ол өсиетте қай мемлекеттің азаматы екенін көрсетпеген болса
- F) Мүліктің табылған жері мұраны қалдырушының соңғы тұрған жері не ол анық болмаса мүлік табылған жері тіркелсе

25. Халықаралық азаматтық іс жүргізу құқығының қарым-қатынасы бірнеше ғылымдармен зерттеледі:

- A) Халықаралық инвестициялық құқықпен және әкімшілік құқықпен
- B) Халықаралық жеке құқықпен
- C) Конституциялық құқықпен
- D) Халықаралық инвестициялық құқықпен
- E) Халықаралық экономикалық құқықпен
- F) Қылмыстық құқықпен

**Халықаралық жеке құқық
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы

1. Азаматтық процестің жүйесі:

- A) Жалпы
- B) Балама
- C) Ерекше
- D) Диспозитивтік
- E) Топтық
- F) Императивтік
- G) Арнайы

2. Диспозитивтік принцип тараптарға мынадай құқықтар береді:

- A) сот ісін жүргізу тілі
- B) талап қоюдан бас тарту
- C) судьялардың тәуелсіздігі
- D) меншікке қол сұғұлмаушылық
- E) меншікке қол сұғұлмаушылық

3. Сот төрелігін жүзеге асыруға жәрдемдесушілер :

- A) сарапшы
- B) заңды өкіл мен сот
- C) өкіл мен іске қатысушылар
- D) жауапкер мен заңды өкілдер
- E) жәбірленуші мен талапкер
- F) сот пен прокурор

4. Тараптардың азаматтық іс жүргізу міндеттері:

- A) іске қатысатын адамдар істің нақтылы мән-жайлары туралы сотқа толық әрі шынайы түрде мәлімдеуге
- B) қарсылықтарын мәлімдеуге
- C) дәлелдемелерді табыс етуге және зерттеуге
- D) іс материалдарымен танысуға
- E) сотта төрағалық етушінің қаулыларына бағынбауға
- F) азаматтық құқық қабілеттігін тексеруге

5. Даудың нысанасына дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлғаның құқығы болып табылмайды:

- A) талап қоюдан бас тарту құқығы
- B) іске қатысушы адамдарға сұрақтар қоюға құқығы
- C) қарсылықтарын мәлімдеуге құқығы
- D) жазбаша түсініктемелер беруге құқығы
- E) өтініш жасауға құқығы
- F) талап қоюдың негіздемесі мен нысанасын өзгерту құқығы
- G) татуласу келісімін жасау құқығы
- H) іс материалдарымен танысуға құқығы

6. Прокурор құқылы емес және міндетті емес:

- A) Дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға
- B) Сот отырысына келуге
- C) Іс материалдарымен танысуға
- D) Іс бойынша мемлекеттік баж төлеуге
- E) Татуласу келісім жасауға

7. Сотта өкіл бола алмайтын тұлғалар:

- A) Жоғары заң білімі бар басқа да адамдар
- B) Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет туралы заңнамасының талаптарын бұза отырып, заң көмегін көрсету туралы тапсырма қабылдаған адвокаттар
- C) Тең қатысушылардың тапсырмасы бойынша тең қатысушылардың біреуі
- D) Кәсіптік одақтардың – құқықтары мен мүдделерін қорғауды осы кәсіптік одақтар жүзеге асыратын жұмысшылардың, қызметшілердің, сондай-ақ басқа да адамдардың істері бойынша уәкілетті өкілдері
- E) Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе жергілікті өкілді органдардың депутаттары
- F) Заңды тұлғалардың істері бойынша – осы заңды тұлғалардың жұмыскерлері
- G) Мүдделері өзі өкілі болып отырған тұлғаның мүдделеріне қайшы келетін тұлғаларға осы іс бойынша заң көмегін көрсетсе немесе бұрын көрсеткен болса

8. Іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындарға жатады:

А) алименттерді өндіріп алу туралы талап қоюларда – бір жыл ішіндегі төлемдердің жиынтығы

В) іс бойынша жарияланым мен хабарландыруларға байланысты шығыстар

С) абыройын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін түсіретін мәліметтерді таратудан келтірілген моралдық зиянды өтеуді ақшалай мәнде өндіріп алу туралы талап қоюларда – өндіріп алу талап етілген сома

Д) ақшаны өндіріп алу туралы талап қоюларда – өндіріп алу талап етілген сома

Е) жалақыны өндіріп алу туралы сомалар

Ғ) жауапкерді және (немесе) баланы іздестіру бойынша шығыстар

Г) тараптарға және іске қатысатын басқа да тұлғаларға хабарлау және оларды сотқа шақыру бойынша шығыстар

9. Азаматтық істерді талқылаудың және шешудің мерзімдері:

А) судья шешеді

В) он күн

С) жұмысқа қайта алу туралы істер бір айға дейінгі мерзімде қаралады

Д) істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап екі айға дейінгі мерзімде азаматтық істерді қарайды және шешеді

Е) талап түскен күннен бастап он бес күннен кешіктірмей

Ғ) судья, прокурор және адвокаттың келісімі бойынша бір ай

10. Іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар қатары:

А) іс тараптардың бітімгершілік келісімімен аяқталған жағдайларда

В) куәлерге, сарапшыларға және мамандарға төленуге тиісті сомалар

С) заттай дәлелдемелерді сақтауға байланысты шығындар

Д) сол жерде қарау жүргізілуге байланысты шығындар

Е) талап қоюшы талап қоюдан бас тартқан жағдайларда

Ғ) талап қоюшылар - авторлық құқықтан, сондай-ақ жаңалық ашу, өнертабыс, рационализаторлық ұсыныс және өнеркәсіптік үлгілер құқығынан туындайтын талаптар бойынша

Г) талап қоюшылар - еңбекке ақы төлеу сомасын өндіріп алу туралы

талаптар және еңбек қызметіне байланысты басқа да талаптар бойынша

Н) талап қоюшы өз талаптарын азайтқан жағдайларда

11. Куә ретінде жауап алуға жатпайды:

- A) прокурор
- B) маман
- C) балаларды тәрбиелеу туралы даулар бойынша істерді қоспағанда, өзінің жастығына, дене немесе психикалық кемістіктеріне байланысты фактілерді дұрыс қабылдауға және олар туралы дұрыс айғақтар беруге қабілетсіз адамдар
- D) сарапшы
- E) аудармашы
- F) куәгер

12. Қарсы талап қоюды қабылдау шарттары:

- A) іс осы соттың соттылығына жатпаса
- B) қарсы талап қою алғашқы талап қоюдың есебіне бағытталса
- C) қарсы талап қою мен бастапқы талап қою арасында өзара байланыс болса, ал оларды бірлесіп қарау дауларды неғұрлым жылдам және дұрыс қарауға әкелсе, судья қарсы талап қоюды қабылдайды
- D) арыз азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жатпаса
- E) арызды әрекетке қабілетсіз адам берсе
- F) қарсы талап қоюды қанағаттандыру бастапқы талап қоюды толық немесе ішінара қанағаттандыруды жоққа шығаратын болса

13. Азаматтық іс қозғау сатысында судья ұйғарым шығару ретінде шешімдердің біреуін қабылдайды:

- A) құқық мирасқорлығы өткен тұлғаның өтініші бойынша істі қозғау
- B) төрелік соттың бастамасы бойынша істі қозғау
- C) талап қоюшыға мәлімдеу
- D) талап арызды қабылдау және өз қарауына алу
- E) талап арызды қабылдаудан бас тарту
- F) талап арызды қайтару

14. Әрбір іс бойынша міндетті болатын азаматтық істі сот талқылауына дайындау міндеттері:

- A) жауапкердің жұмыс орнын анықтау
- B) сот отырысын ашу
- C) әрбір тараптың өз талаптарын немесе қарсылықтарын негіздеуі үшін ұсынылуға тиіс дәлелдемелерді айқындау
- D) тараптардың құқықтық қатынастарын және сот басшылыққа алуға тиіс заңды айқындау
- E) сот құрамын жарғалау
- F) сотқа келген тараптарды тексеру

15. Куә ретінде жауап алуға жатпайды:

- A) әрекет қабілеттілігі бар тұлға
- B) діни қызметшілер
- C) шешім немесе үкім шығару кезінде істің мән-жайларын талқылау үстінде кеңесу бөлмесінде туындаған мәселелер туралы – судья
- D) он сегіз жасқа толған азамат
- E) ҚР азаматы
- F) шет елдің азаматы
- G) медиацияны жүргізген судья

16. Сот актілеріне тән белгілер:

- A) нақты бір жағдайда қолданылады
- B) ескертпелер кіргізілетін құжат
- C) міндетті ұйғарым
- D) құқық нормалары негізінде және оларға сәйкес қолданылуы
- E) уақыты бойынша қолданылуы
- F) ресми акт болып танылатын құжат

17. Сырттай шешімнің күшін жою туралы арызда көрсетіледі:

- A) сырттай шешім шығарған соттың атауы
- B) жауапкердің сот отырысына дәлелді себептермен келмей қалуын куәландыратын мән-жайлар туралы мәліметтер және осы мән-жайларды растайтын дәлелдемелер, сондай-ақ сырттай шешімнің мазмұнына ықпал етуі мүмкін дәлелдемелер
- C) шешімге шағым беру мерзімін қалпына келтіру туралы мәлімет
- D) соттың талап қоюды қанағаттандыру туралы мәлімет
- E) арыз берген тараптың атауы

18. Ерекше талап қою ісін жүргізу істеріне жатады:

- A) азаматты туберкулезден, алкоголизмнен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан мәжбүрлеп емдеуге жіберу
- B) азаматты хабарсыз кетті деп тану туралы және азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы
- C) жергілікті атқарушы органдардың азаматтардың алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу құқықтарын бұзатын шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы арыздар бойынша іс жүргізу
- D) сайлауға, республикалық референдумға қатысатын азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы арыздар бойынша іс жүргізу
- E) нормативтік құқықтық актінің заңдылығын даулау туралы істер бойынша іс жүргізу

19. Сот бұйрығы шығарылатын талаптар:

А) борышкерден өндіріп алушының пайдасына немесе тиісті бюджетке өндіріп алынуға жататын мемлекеттік баждың сомасы туралы істер болса

В) борышкердің тұрғылықты жері немесе орналасқан жері Қазақстан Республикасының шегінен тыс туралы

С) қызметкерге есептелген, бірақ төленбеген жалақы мен өзге де төлемдерді өндіріп алу туралы, оның ішінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы аударымдарын аудару туралы

Д) дәлелді себептермен өткізіп алынған қарсылық беру мерзімін ұзарту туралы істер бойынша

Е) жеке тұлғалардан салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша бересіні және өсімпұлдарды, сондай-ақ кеден төлемдері, салықтар мен өсімпұлдар бойынша берешекті өндіріп алу туралы

Ғ) талап қою ісін жүргізу тәртібімен қарауға жататын құқық туралы даудың бары байқалған болса

20. Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын істер:

А) қосымша мән-жайларды анықтау немесе қосымша дәлелдемелерді зерттеу қажет болса істі талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша жалпы тәртіппен қаралса

В) мемлекеттік басқару, жергілікті өзін өзі басқару органдарының, кәсіподақтың, мекемелердің, ұйымдардың және азаматтардың мәлімдеуі бойынша

С) егер талап қою бағасы заңды тұлғалар үшін – жеті жүз айлық есептік көрсеткіштен, жеке кәсіпкерлер, азаматтар үшін екі жүз айлық есептік көрсеткіштен аспаса, ақша сомаларын өндіріп алу туралы талап қою арыздары бойынша

Д) талап қою бағасына қарамастан, талап қоюшы ұсынған, жауапкердің ақшалай міндеттемелерін белгілейтін құжаттарға және (немесе) шарт бойынша берешекті растайтын құжаттарға негізделген талап қою арыздары бойынша

Е) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған кәсіпкерлік, инвестициялық қызметке байланысты даулар бойынша келісімдерді орындау туралы

21. Соттың татуласу келісімін бекіту туралы ұйғарымында:

- A) борышкер мен арызданушының талаптарын тексеру тәртібі
- B) дәлелдемелерді олардың тұрған жерінде қарап тексеру және зерттеу жүргізу, сараптама тағайындау немесе куәның айғақтарын тындау жайлы
- C) татуласу келісімінің шарттары және оны орындау мерзімдер
- D) талап қоюшы төлеген мемлекеттік бажды оған бюджеттен қайтаруы
- E) қосымша мән-жайларды анықтау немесе қосымша дәлелдемелерді зерттеу қажет болса істі талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша жалпы тәртібі
- F) үшінші тұлғаның іске кіруі туралы өтінішхаты қанағаттандыру тәртібі туралы
- G) өндіріп алынуға жататын ақша сомаларының мөлшері немесе құны көрсетілген, талап етілуге жататын жылжымалы мүліктің белгілері

22. Апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жою не оны өзгерту негіздері:

- A) азаматтық процестік құқық қағидалары бойынша қаралған істерді қоспағанда, сот істі сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған іске қатысатын адамдардың қайсыбіреуі болмағанда қараған
- B) істі қарау кезінде сот ісін жүргізу тілі туралы қағида бұзылмаған
- C) істі соттың заңсыз құрамы немесе соттылық туралы қағидаларды бұзып қараған
- D) қолданылуға жататын заңды қолданбаса
- E) белгілі бір функцияларды жүзеге асыратын орган өкілдері туралы мәлімет болмаса

23. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына берілетін сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына берілетін кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхатта:

- A) қолданылуға жататын заң
- B) басқа да мүдделі тұлғаларды, сондай-ақ он жасқа толған баланың өзін іске қатысуын тарту туралы мәліметтер
- C) азаматтық процестік құқық қағидалары бойынша қаралған істер
- D) істі қарау кезінде сот ісін жүргізу тілі туралы қағида
- E) іске қатысатын адамдардың тұрғылықты жерлері немесе орналасқан жерлері көрсетіліп, оларды санамалау
- F) соттылық туралы қағидалар
- G) өтінішхат беретін адамның және мүддесі үшін өтінішхат беріліп отырған адамның аты-жөні, оның тұрғылықты жері немесе орналасқан жері және істегі процестік жағдай

24. Шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін негіздер:

- А) өндіріп алынуға жататын ақша сомаларының мөлшері немесе құны көрсетілген, талап етілуге жататын жылжымалы мүліктің белгілері
- В) үшінші тұлғаның іске кіруі туралы өтінішхаты қанағаттандырылса
- С) шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны шығаруға негіз болған сот шешімінің, үкімінің, ұйғарымының немесе қаулысының не өзге де мемлекеттік орган қаулысының күшін жою негіздер болып табылады
- Д) заңды күшіне енген сот үкімімен, қаулысымен, қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың қаулыларымен анықталған куәгердің көрінеу жалған айғақтары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы, көрінеу дұрыс аудармау, заңсыз не негізсіз шешім шығаруға әкеп соққан құжаттардың не заттай дәлелдемелердің жалғандығы
- Е) дәлелдемелерді олардың тұрған жерінде қарап тексеру және зерттеу жүргізу, сараптама тағайындау немесе куәның айғақтарын тыңдау жайлы;

25. Шетелдік соттар мен төрелік соттардың шешімдерін тану және орындаудың тәртібі:

- А) Тараптар арасындағы келісім-шартпен белгіленеді
- В) Шетелдік соттар мен төрелік соттардың шешімдерін танудың және орындаудың шарттары мен тәртібін ҚР Жоғарғы Соты белгілейді
- С) Шетелдік соттар мен төрелік соттардың шешімдерін танудың және орындаудың шарттары мен тәртібін ҚР Парламенті белгілейді
- Д) Қазақстан Республикасының заңында немесе халықаралық шартында өзара түсіністік негізінде танылады және орындалады
- Е) Шетелдік соттар мен төрелік соттардың шешімдерін танудың және орындаудың шарттары мен тәртібі заңда белгіленеді

**Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**